

Кейіннен жылумен, сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсететін субъектілерге кредит бере отырып, облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялауға және салуға кредит берудің 2015 жылға арналған шарттары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 247 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 180-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған кейіннен жылумен, сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсететін субъектілерге кредит бере отырып, облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялауға және салуға кредит берудің 2015 жылға арналған ш а р т т а р ы б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен кредиттік шарттар жасасуды;

2) кредиттік шарттар талаптарының орындалуын бақылауды;

3) бюджеттік кредиттердің мақсатты және тиімді пайдаланылуын, өтелуін және оларға қызмет көрсетуін бақылау мен мониторингтеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырма шартын жасассын.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы о р г а н д а р ы :

1) түпкі қарыз алушылармен кредиттік шарттар жасассын;

2) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне кредиттердің игерілуі туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы

2 1

с ә у і р д е г і

Кейіннен жылумен, сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсететін субъектілерге кредит бере отырып, облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялауға және салуға кредит берудің 2015 жылға арналған шарттары

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - қарыз алушылар) кредиттер беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) қарыз алушылардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (бұдан әрі - кредитор) мәслихаттардың 2015 жылға арналған облыстық бюджеттерде, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінде тиісті түсімдерді көздейтін шешімдерін ұсынуы;

2) 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге сомасындағы кредиттер қарыз алушыларға жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялауға және салуға жылдық 0,01 % сыйақы мөлшерлемесі бойынша 20 (жиырма) жыл мерзімге беріледі;

3) негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдікті кезең 6 (алты) жылдан аспауға тиіс;

4) кредиттерді игеру кезеңі кредиттер кредитордың шотынан аударылған кезден бастап есептеледі және 2016 жылғы 10 желтоқсанда аяқталады.

2. Кредиттерді беру, өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі қосымша шарттар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.